

**Аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 128 "2018-2020 жылдарға арналған Қобда ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Мерзімі біткен

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2018 жылғы 22 маусымдағы № 164 шешімі. Ақтөбе облысы Әділет департаментінің Қобда аудандық Әділет басқармасында 2018 жылғы 9 шілдеде № 3-7-173 болып тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджеттік кодексінің 109-1 бабына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Қобда аудандық мәслихат ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қобда аудандық мәслихаттың 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 128 "2018-2020 жылдарға арналған Қобда ауылдық округ бюджетін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 5805 тіркелген, 2018 жылғы 18 қаңтарда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электронды түрде жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында:

кірістер – "123 734,0" сандары "126 112,8" сандарымен ауыстырылсын;  
мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"салықтық емес түсімдер бойынша – 2 378,8 мың теңге";

2) тармақшасында:

шығындар – "123 734,0" сандары "126 112,8" сандарымен ауыстырылсын.

2. Көрсетілген шешімдегі 1 қосымша осы шешімдегі қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

3. "Қобда аудандық мәслихатының аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Қобда ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

2018 жылғы 22 маусымдағы № 164 Қобда аудандық мәслихатының шешіміне қосымша  
2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 128 Қобда аудандық мәслихатының шешіміне 1 қосымша

## 2018 жылға арналған Қобда ауылдық округ бюджеті

Санаты			Сомасы, мың теңге
Сыныбы			
Ішкі сыныбы			
		Атауы	
		I. Кірістер	126112,8
1		Салықтық түсімдер	15000,0
1	01	Табыс салығы	10000,0
1	01	2 Жеке табыс салығы	10000,0
1	04	Меншікке салынатын салықтар	5000,0
1	04	1 Мүлікке салынатын салықтар	132,0
1	04	3 Жер салығы	579,0
1	04	4 Көлік құралдарына салынатын салық	4289,0
2		Салықтық емес түсімдер	2378,8
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	2378,8
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	2378,8
4		Трансферттердің түсімдері	108734,0
4	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	108734,0
4	02	3 Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	108734,0

Функционалдық топ					Сомасы (мың теңге)
Кіші функция					
Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі					
Бағдарлама					
			Атауы		
1	2	3	4	5	6
				II. Шығындар	126112,8
01				Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	22726,0
	1			Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар	22726,0
		124		Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	22726,0
			001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	22326,0
			022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400,0
04				Білім беру	82429,0
	1			Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту	82429,0

	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	82429,0
	004	Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту ұйымдарында медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру	82429,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	17657,8
3		Елді-мекендерді көркейту	17657,8
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	17657,8
	008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	7659,4
	011	Елді мекендерді абаттандыру және көгалдандыру	9998,4
12		Көлік және коммуникация	3300,0
1		Автомобиль көлігі	3300,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	3300,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	3300,0
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0
		Бюджеттік кредиттер	0
		IV. Қаржы активтерімен жасалатын операциялар бойынша сальдо	0
		Қаржы активтерін сатып алу	0
		V. Бюджет тапшылығы	0
		VI. Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК